

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 15 мамырдағы N 439

Атырау облысында су тасқынының алдын алу және оның зардаптарын жою жөнінде кезек күттірмейтін шаралар қабылдау және су басуға қарсы шараларды жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға көзделген қаражаттың есебінен Атырау облысының әкіміне 1998 жылдың сәуіріндегі су тасқынының алдын алуға және оның зардаптарын жоюға байланысты шығындарды өтеуге 50 (елу) млн. теңге бөлінсін.

2. Атырау облысының әкімі 1998 жылдың II тоқсанының

қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетіне орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы баяндасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі